**Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін орнықты дамыту жөніндегі 2009-2011 жылдарға арналған шаралар кешенін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 қарашадағы N 1106 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 1052 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.12 № 1052 Қаулысымен.

"Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығына және "Мемлекет басшысының 2005 - 2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының агроөнөркәсіптік кешенін орнықты дамыту жөніндегі 2009 - 2011 жылдарға арналған шаралар кешені (бұдан әрі - Шаралар кешені) бекітілсін.

2. Шаралар кешенін іске асыру жөніндегі іс-шаралар кешенінде көзделген шығыстардың сомасы 2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтылауға және түзетуге жатады деп белгіленсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Шаралар кешені бекітілгеннен кейін бір ай мерзімде мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, өңірлік шаралар кешендерін әзірлесін және бекітсін.

4. Шаралар кешенін іске асыруға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар мен өзге де мүдделі ұйымдар (келісім бойынша):

1) Шаралар кешенін іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жарты жылдықтың қорытындылары бойынша жылына екі рет, 10 қаңтарға және 10 шілдеге Шаралар кешенінің орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жарты жылдықтың қорытындылары бойынша жылына екі рет, 25 қаңтарға және 25 шілдеге Шаралар кешенінің орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е Шөкеевке жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 карашадағы N 1106 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін орнықты дамыту жөніндегі 2009-2011 жылдарға арналған шаралар кешені

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "ҚазАгро" ұлттық холдингі", "ҚазАгро" ҰХ" деген сөздер тиісінше "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі", "ҚазАгро" холдингі" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2009.07.20. N 1101 Қаулысымен.

Астана, 2008 жыл

Мазмұны

## 1. Паспорт

**Атауы** Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін орнықты дамыту жөніндегі 2009 - 2011 жылдарға арналған шаралар кешені

**Әзірлеу үшін негіз** "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2005 - 2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарының 62-тармағы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысымен бекітілген Мемлекет басшысының 2005 - 2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың

(іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының 253-тармағы

**Әзірлеуші** Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

**Іске асыру мерзімі** 2009-2011 жылдар

**Мақсаты** Агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі - АӨК) салаларын орнықты дамыту, республиканың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, отандық өнімдердің ұлттық бәсекелестік артықшылықтарын дамыту және аграрлық өндірісті Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) кіру шарттарына бейімдеу

**Міндеттері** Ішкі қажеттілікті қамтамасыз ету және экспорттық ресурстарды қалыптастыру үшін ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлікті тұрақты өндіру;

агроөнеркәсіптік кешенді орнықты дамытудың экономикалық жағдайы мен тетіктерін құру;

АӨК өнімдерін өндірушілерді қолдау және ауыл шаруашылығы өнімдері нарығын мемлекеттік реттеу шараларын жүзеге асыру;

экспорттық тауашаларды алу үшін АӨК-нің сапалы бәсекеге қабілетті өнімін өндіру;

АӨК-нің қазіргі заманғы инфрақұрылымын дамыту;

республиканың ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

суармалы егіншілікті тиімді дамыту мен өнімділігін арттыру үшін мелиоративтік жағдай жасау;

елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және әлемдік ғылым трендіне сәйкес АӨК-нің басым бағыттарына ғылыми зерттеулерді шоғырландыру;

аграрлық саладағы өндіріске білім берудің тиімді жүйесін және ғылыми-техникалық және

инженерлік-техникалық қызметтердің бәсекеге қабілетті нарығын құру мен дамыту;

корпоративтік басқарудың әлемнің таңдаулы тәжірибесін, әлемнің таңдаулы ғылыми және зертханалық тәжірибесін енгізу және тарату, және ауыл шаруашылығының ғылыми-техникалық саласында адам ресурстарын дамыту;

АӨК-нің қажеттілігі үшін жоғары білікті кадрларды даярлау;

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеттік инфрақұрылымының қалыптасуы және әрі қарай дамыту

**Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері**

Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты, бюджеттен тыс көздер қаражаты (агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің меншікті қаражаты, қарыз қаражаты, тікелей инвестициялар және басқа да қаржы институттарының қаражаты)

2009 - 2011 жылдарға арналған Шаралар кешенін іске асырудың жалпы шығыны 2009 жылы - 148 513,0 млн. теңгені; 2010 жылы - 189 813,1 млн. теңгені; 2011 жылы - 124 857,6 млн. теңгені құрайды, оның ішінде:

*республикалық бюджеттен:*
2009 жылы - 90 988,3 млн. теңге;
2010 жылы - 107 082,4 млн. теңге;
2011 жылы - 113 120,2 млн. теңге.

*жергілікті бюджет қаражатынан:*
2009 жылы - 4 650,0 млн. теңге;
2010 жылы - 4 850,0 млн. теңге;
2011 жылы - 5 050,0 млн. теңге.

*басқа да қаражаттардан:*
2009 жылы - 4 374,7 млн. теңге;
2010 жылы - 6 380,7 млн. теңге;
2011 жылы - 6 687,4 млн. теңге.

Ұлттық қордан:
2009 жылы - 48 500,0 млн. теңге;
2010 жылы - 71 500,0 млн. теңге.

| | |
|---|---|
| | Шаралар кешенін қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес тиісті қаржы жылында республикалық және жергілікті бюджетті бекіту кезінде нақтыланады |
| **Күтілетін нәтижелер** | Шаралар кешенін іске асыру нәтижесінде мыналар болжанады:<br>елдің азық-түлік тәуелсіздігіне кепілдік беретін көлемде отандық ауыл шаруашылығы өнімін өндіру жолымен аграрлық нарықтың сиымдылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету;<br>ауыл шаруашылығының техникалық базасын кем дегенде 15 пайызға жаңарту;<br>Мыналардың көлемін:<br>ауыл шаруашылығының жалпы өнім өндірісін 2011 жылы 2007 жылмен салыстырғанда 20,7 % арттыру және оның құнын 1,3 трлн. теңгеге жеткізу;<br>ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлік тауарлары (әсіресе қосымша құны жоғары) экспортын 1,3 есеге;<br>аграрлық секторға инвестициялар көлемін 1,8 есеге арттыру;<br>қайта өңдеу кәсіпорындарының жұмыс бастылығын арттыру, ауыл шаруашылығы машинасын жасауды ары қарай дамытуды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығындағы серіктес салаларда жұмыс орындарын сақтау;<br>инновациялық технологияларды енгізу арқылы ауыл шаруашылығы өнімдері бойынша қосымша қуаттылықты енгізу;<br>2011 жылы халықтың негізгі тамақ өнімдерін тұтыну көлемін оңтайлы нормаларға дейін жеткізу |
| **Іске асыру мерзімі** | 2009 - 2011 жылдар |

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.07.13. N 1060 Қаулысымен.

## 2. Кіріспе

Агроөнеркәсіптік кешен ұлттық экономиканың ең басты бөлігі болып табылады, мұнда қоғамның тіршілігі үшін маңызды өнімдер өндірілетін және үлкен экономикалық әлеует шоғырланған. Оның шешуші шамада дамуы экономиканың барлық саласының жағдайын, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды анықтайды.

Аграрлық сектор ішкі жалпы өнімнің 5,7 % және халықтың тұтыну қорының шамамен 70 % қалыптастырады және елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

Ауыл шаруашылығын дамыту өндіріс құралдарын жеткізетін және ауыл шаруашылығы өнімдерін шикізат ретінде қолданатын басқа да салалардың дамуына жәрдемдеседі, сондай-ақ көліктік, сауда және басқа да қызметтер ұсынады.

Ауылдық жерлерде халықтың жалпы мөлшерінің 47% тұрады. Ауыл шаруашылығы саласында 2,38 млн адам жұмыспен қамтыған.

2000 - 2007 жылдардағы белгілі тұрақтылық пен ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің көлемін арттыру ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі көлемін ұлғайтуға және халықтың жан басына шаққандағы негізгі тамақ өнімдерін тұтыну деңгейін көтеруге мүмкіндік берді.

Алайда, қазіргі кезде салада қалыптасқан жағдай теріс құбылыстарды жеңуге мүмкіндік бермейді.

Ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік өндірісінің көлемі тамақтанудың оңтайлы нормасы бойынша тұтынушылық көлемін ет, балық, жеміс, жидек, жүзім, өсімдік майы және қант бойынша қамтамасыз ете алмайды.

Экономика салаларының ішінде жылдық орташа жалақының ең төмені ауыл шаруашылығында.

Ауыл шаруашылығының индустрияланбау қаупі сақталуды 80 %-дан жоғары техникалық құралдар тозуы салдарынан жедел жаңартуды қажет етеді. Машина-трактор парктерін жаңарту қарқыны төмен деңгейде: жыл сайынғы тракторларды жаңарту орташа 0,87%, астық жинау комбайндары 3,2% құрайды.

Қазақстандық тауар өндірушілердің өнімдері бәсекеге қабілетті емес және ішкі нарықтан ығыстырылады. Әсіресе, қант, өсімдік майы, жеміс-көкөніс консервілері, құс еті және сүтті қайта өңдеу өнімдері нарығында импорттық өнімнің үлесі басым.

Осылайша, осы шаралар кешенін әзірлеу мен қабылдау өзектілігі Бағдарлама паспортында келтірілген көлемдер мен қаржыландыру көздеріне сәйкес ауыл шаруашылығын дамытуды қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар қабылдау қажеттілігімен түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін орнықты дамытудың 2009 - 2011 жылдарға арналған шаралар кешені "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2005 - 2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарының 62-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысымен бекітілген Мемлекет басшысының 2005 - 2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының 253-тармағына сәйкес әзірленген.

Шаралар кешені АӨК-ні дамытудың негізгі бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін, шикізат пен азық-түлік өндірісін, қаржылық қамтамасыз ету және көзделген шараларды іске асыру тетіктерін, оның нәтижелілік көрсеткішін анықтайды.

## 3. АӨК-нің қазіргі жай-күйі

2007 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнімі көлемі бір трлн. теңгеден асып түсті және 1121,8 млрд. теңгені құрады, ал өндірістің өсуі 8%-ды астамын құрады.

Ауыл шаруашылығында 11-12 %-ға еңбек өнімділігінің жыл сайынғы өсуінің оң үрдісі байқалады және қазіргі кезде жалпы өнім өндірісі саладағы 1 жұмыс басты адамға 3800 АҚШ долларын астамын құрайды.

2007 жылы ауылдық жерлерде жұмыссыздық деңгейі 6,2 % деңгейінде қалыптасты.

Жыл сайын ауылшаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар ұлғая түсуде. Егер 2002 жылы инвестициялар 17,3 млрд. теңгені құраса, 2007 жылы - 55,9 млрд. теңге немесе 3,2 есе артты.

2007 жылы ауыл шаруашылығы дақылдары себілген егістік алқаптарының 80%-нан астамын астық дақылдарының жалпы егістігі құрады. 2005 жылмен салыстырғанда бидай егістігінің алқабы 245,8 мың га (1,9 %), қарақұмық - 60,5 мың га (1,7 есе), жемдік дақылдар (арпа мен сұлы) - 322,4 мың га (18,8%), рапс - 129,1 мың га (4,1 есе), соя - 12,6 мың га (25,4 %) өсті.

Көкөніс дақылдарының егіс алқабы осы кезең ішінде 5,6 мың га (5,1 %), жеміс дақылдары - 18,5 мың га (34,5 %) қысқартылды, ал жүзім екпелері 2005 және 2006 жылдар деңгейінде сақталды.

Көкөніс дақылдарының өндірісі 2007 жылы 2005 жылғы 2 168,8 мың тоннаға

қарсы 2 196,4 мың тоннаны, майлы дақылдар - 459,4 мың тонна, оның ішінде рапс - 118,3 мың тонна, бұл 2005 жылғы тиісті деңгейден 4,5 % және 3,6 есе жоғары, жеміс дақылдары - 162 мың тонна, жүзім - 43,2 мың тонна құрады, бұл 2005 жылғы тиісті деңгейден 33,5 % және 17,2 % төмен.

Фитосанитариялық жағдайды тұрақты бақылау жүзеге асырылуда. Алайда, бөлінетін қаржы қаражатының жетіспеушілігі аса қауіпті зиянды организмдерге және карантинді объектілерге қарсы толық көлемде фитосанитариялық іс-шараларды орындауға мүмкіндік бермейді.

Мал шаруашылығы саласында шаруашылықтың барлық санаттарында мал және құс санының өсімі 2007 жылы 2006 жылмен салыстырғанда 3-5 %-ды, ал мал шаруашылығы өнімінің өндірісі 3-7 %-ды құрады. Мал шаруашылығында жүргізілетін асылдандыру - селекция жұмысы саланың дамуына белгілі бір әсерін тигізеді.

Алайда, саланың дамуын ұстап отырған бірқатар факторлар бар. Ауыл шаруашылығы малдарының барлық мал басының шамамен 80 %-ы жеке меншікте. Асыл тұқымды мал басының үлес салмағы төмен болып қалуда және тек 3-8 % құрайды. Жетекші ет экспорттаушылары мен мал шаруашылығының даму деңгейін салыстыру оларда негізгі өндірісі ірі тауар фермаларында шоғырланғандығын көрсетті, бұл жоғары өнімділікті сақтауды және мал шаруашылығы өнімі өндірісінің көлемін арттыруды қамтамасыз етеді.

Ветеринария саласында республикада эпизоотиялық салауаттылықты және мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілді.

Алайда, ветеринариялық салауаттылық жергілікті атқарушы органдардың мал қорымдарын мен мал сою пункттерінің құрылысын жүргізуді әлсіз ұйымдастыруынан, малдардың аса қауіпті ауруларына қарсы эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге республикалық бюджеттен бөлінген қаржының жеткіліксіздігінен бұзылуда.

АӨК-нің қайта өңдеу кешенінің қазіргі жағдайын тұрақты және өндірістің өсуіне маңызды әлеуеті бар деп бағалауға болады. Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және тамақ өнімдері өндірісінің көлемі жыл сайын ұлғаюда.

2007 жылы 2006 жылмен салыстырғанда қайта өңделген ауыл шаруашылығы шикізатының үлесі оның өндірісінің жалпы көлемінен артты: сүт - 29%-ға дейін, астық - 37%-ға дейін, майлы - 98%-ға дейін, ет - 24%-ға дейін. Алдыңғы жылмен салыстырғанда қайта өңдеу кәсіпорындары өндірген өнім көлемі 7,3%-ға ұлғайды.

Шығарылған өнім сапасы жақсартылуда, кәсіпорындардың халықаралық стандарттарға өтуі жүзеге асырылуда. Халықаралық ИСО және ХАССП стандарттарына негізделген сапа менеджменті жүйесін (бұдан әрі - СМЖ) 184

кәсіпорын салалары енгізді, 89 кәсіпорын СМЖ-ны енгізуге өндірісті әзірлеу және дайындау сатысында тұр.

Осы уақытта қайта өңдеу өнеркәсібінің даму қарқынын бірқатар шешілмеген мәселелер артқа тартуда. Бұл өнеркәсіптік қайта өңдеудің төмен деңгейі және қайта өңдеу кәсіпорындары қуатының толыққанды еместігі, тамақ өнімдері бәсекеге қабілетті деңгейінің жеткіліксіз болуы; кейбір тамақ өнімдерінің импорттық үлесі жоғары, мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарында ХАССП принциптерін енгізу бойынша жұмыстардың жеткіліксіз болуы, азық-түлік сапасының халықаралық стандарттың негізгі талаптарына сәйкес келмеуі, ауыл шаруашылығы дақылдарының негізгі түрлері өндірісінің маусымдық сипаты.

Экспорт көлемінің орнықты өсу үрдісі жалғасуда. Сонымен, 2007 жылы ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік тауарлары жалпы сомасы 2,3 млрд. АҚШ доллары шамасында экспортталды. Ең ірі экспорттық позицияда астық және оның қайта өңдеу өнімдері болып қалуы жалғасуда. 2007 жылы экспортқа 6,9 млн. тонна астық және 1,5 млн. тонна шамасында ұн жөнелтілді, бұл 2006 жылдың деңгейінен тиісінше 49,2%-ға және 29,5%-ға артық.

Саланың серпінді дамуына мемлекеттік қолдау көрсетудің тиімділігі ықпал етті.

Өткен жылы агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау көлемі маңызды түрде артты және 77,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2002 жылдан 2,8 есе жоғары. 2008 жылы ауыл шаруашылығын қолдауға бөлінді 134,4 млрд. теңге, оның ішінде субсидиялар - 40,3 млрд. теңге, кредиттер - 52,6 млрд. теңге.

2005-2007 жылдары мемлекет агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды ұлғайтты. Қолданбалы ғылыми зерттеулер әзірлемелерін қаржыландыруға республикалық бюджеттен 6 787,6 млн. теңге бөлінді, оның ішінде: 2005 жылы - 1 151,0 млн. теңге, 2006 жылы - 1 460,8 млн. теңге, 2007 жылы - 2 300,0 млн. теңге.

Осы мерзімде ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған құралдар мен жабдықтар сатып алуды субсидиялауға 1 872,4 млн. теңге бөлінді. 2008 жылы аграрлық ғылымды дамытуға республикалық бюджеттен 2 705,0 млн. теңге бөлінді, бұл 2007 жылдың деңгейінен 1,7%-ға артық.

Аграрлық сектордың жедел ғылыми-технологиялық дамуын қамтамасыз ету мақсатында 2007 жылы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 25 ғылыми-зерттеу ұйымын қайта құру жолымен "ҚазАгроИнновация" (бұдан әрі - "КАИ") акционерлік қоғамы (бұдан әрі - АҚ) құрылды, оның негізгі миссиясы жаңа агротехнологияларды коммерциялық қолданысқа құру және енгізу, перспективалық шетелдік агротехнологияларды трансферттеу, әлемдік деңгейдегі ғылыми техникалық қызметтер көрсету болып

т а б ы л а д ы .

АӨК-ні дамытудың 2003 - 2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын, Қазақстан Республикасы АӨК орнықты дамыту бойынша 2006 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы мен іс-шараларды орындау нәтижесі ауыл шаруашылығы өндірісінің ары қарай дамуы үшін іргетас болып табылады. Аграрлық саланы аса жоғары даму деңгейіне шығаруға мүмкіндік беретін бағдарламалық құжатты әзірлеу үшін нақты мүмкіндік туып тұр.

**4. Шаралар кешеннің мақсаттары мен міндеттері**

**М а қ с а т ы**

агроөнеркәсіптік кешені салаларының орнықты дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, отандық өнімдердің ұлттық бәсекелестік артықшылықтарын дамыту және аграрлық өндірісті ДСҰ-ға кіру шарттарына бейімдеу.

**М і н д е т т е р**

Ішкі қажеттілікті қамтамасыз ету және экспорттық ресурстарды қалыптастыру үшін ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түліктің тұрақты ө н д і р у ;

Агроөнеркәсіптік кешенді орнықты дамытудың экономикалық жағдайы мен т е т і к т е р і н қ ұ р у ;

АӨК өнімдерін өндірушілерді қолдау және ауыл шаруашылығы өнімдері нарығын мемлекеттік реттеу шараларын жүзеге асыру;

экспорттық тауашаларды алу үшін АӨК-нің сапалы бәсекеге қабілетті өнімін ө н д і р у ;

АӨК-нің қазіргі заманғы инфрақұрылымын дамыту;

Республиканың ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздігін қ а м т а м а с ы з е т у ;

суармалы егіншілікті тиімді дамыту мен өнімділігін арттыру үшін м е л и о р а т и в т і к ж а ғ д а й ж а с а у ;

елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және әлемдік ғылым трендіне сәйкес АӨК-нің басым бағыттарына ғылыми зерттеулерді шоғырландыру;

аграрлық саладағы өндіріске білім берудің тиімді жүйесін және ғылыми-техникалық және инженерлік-техникалық қызметтердің бәсекеге қабілетті нарығын қалыптастыру мен дамыту;

корпоративтік басқарудың әлемнің таңдаулы тәжірибесін, әлемнің таңдаулы ғылыми және зертханалық тәжірибесін енгізу және тарату және ауыл шаруашылығының ғылыми-техникалық саласында адам ресурстарын дамыту;

АӨК-нің қажеттілігі үшін жоғары білікті кадрларды даярлау;

аграрлық ЖОО-ның инфрақұрылымын қалыптастыру және дамыту.

## 5. Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және азық-түлік нарығын реттеу

### 5.1. Азық-түлік қауіпсіздігі және азық-түлік нарығы

Қазақстан әлемдік нарыққа азық-түлік және ауыл шаруашылығы шикізатын ірі өндіруші және жеткізуші болып табылады. Ол ФАО-нің мәліметі бойынша астықты, картопты, көкөністі, сондай-ақ мал шаруашылығы өнімдерін - ет пен сүтті негізгі өндіруші әлемнің 26 елінің қатарына кіреді.

Қазіргі кезде ұлттық нормалар бойынша негізгі тұтыну өнімдеріне халықтың мұқтаждығы отандық өндіріс есебінен қанағаттандырылады. Азық-түлік астығының өндірісі ішкі қажеттіліктен бірнеше мәрте асып түседі, оның маңызды бөлігі әлемдік нарыққа экспортталады. Картоп, жаңа піскен жеміс және бақша дақылдары, ас сүті мен жұмыртқаға қажеттілік қанағаттандырылады.

Алайда, бұл жағдай ішкі нарықтағы төмен сұраныстың аясынан қалыптасқан және Әлемнің экономикалық дамыған елдеріне қарағанда және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған нормадан Қазақстанда халықтың нақты тұтынысы (нан өнімдері және өсімдік майынан басқа) жан басына шаққанда аса төмен.

2007 жылғы импорт ағынының талдауы көрсеткендей кейбір тамақ өнімінің ішкі тұтыныстағы импорт үлесі шектеулі мүмкіндік табалдырығынан асып кеткен қант бойынша - 29,3 %, шырын бойынша - 32,2 %, томат консервілері бойынша - 51,7 %, жеміс және көкөніс консервілері бойынша - 90 % аса, қышқыл сүт өнімі бойынша - 23,3 %, шұжық өнімдері бойынша - 38,5 %, ет консервілері бойынша - 48,3 %, сыр бойынша - 55,9 %, құрғақ сүт бойынша - 84,4 %, сүт және қойылтылған қаймақ бойынша - 80 % құрады.

Тез бұзылатын өнімдерді сақтау базасының тапшылығы жеміс-көкөніс өнімдері импортының өсуіне әсер етеді. Тереңнен қайта өңдеу өнімдерінің: ет өнімдері, сүт өнімдері, өсімдік майы, консервіленген көкөніс және жемістің тұтыну нарықтарында импорт үлесінің жоғары болуы, алдымен қайта өңдеу саласы дамуының жеткіліксіздігі және тереңнен қайта өңделетін тамақ өнімдерінің тапшылығымен жеткіліксіз дамуын сипатталады.

**Мәселелер**

азық-түліктің кейбір түрлері бойынша импортқа тәуелділік;

азық-түлік нарығын мемлекеттік реттеу, ішкі нарықты қорғау және азық-түліктің жеке түрлерін экспорттауды қолдау шараларының жеткіліксіздігі;

отандық және шеттен әкелінетін тамақ өнімдері қауіпсіздігін бақылаудың жеткіліксіздігі;

нарық субъектілері арасында олардың мүддесі мен жауапкершілігі келісімінің негізіндегі оңтайлы экономикалық қатынас тетігі, тауар өндірушілердің кірісін қолдау құрылмаған;

ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлігіне тиімді баға белгілеу жүйесі қалыптаспаған;

белсенді және салауатты өмір сүру үшін қажетті көлемде және құрылымда халықты тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету үшін азық-түлікке экономикалық қол жеткізудің жеткіліксіздігі;

жеке ингредиенттер бойынша тамақтану құрылымының теңгерімсіздігі.

**Шаралар**

терең қайта өңдеу өнімдерін шығаратын жоғары тауарлы шаруашылықтар, өндірістік бірлестіктер құру;

бүкіл жыл бойына нарыққа тауарларды бір қалыпты жеткізуді қамтамасыз ету және маңызды маусымдық баға ауытқуларын болдырмау үшін өнімді отырғызуды белгіленген мерзімде сақтауды жандандыратын қазіргі заманғы сақтандыру жүйесін дамытуды ынталандыру және механизмін қолдану;

әлеуметтік-маңызды тамақ өнімдерінің бағасын реттеу;

азық-түлік нарығында болжауды ұйымдастыру және конъюнктуралық жағдайдың шұғыл мониторингін жүргізу;

тауардың барлық алға басу буындары бойынша азық-түлік сапасын қамтамасыз ету және өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу, оның ішінде импорт-экспортты сандық шектеу, экспортты-импорттық операцияларды лицензиялау;

өткізудің баламалы нысандарын (көп деңгейлі ауылдық тұтыну кооперацияларын) дамытуды ынталандыру және оңтайлы тауарларды жылжыту және өнім ысырабын қысқарту үшін тауарлы-логистикалық орталықтар құру;

нарықтың кеңістікті-уақытылы толығуын қамтамасыз ететін өндіруші және тұтынушы өңірлер арасында ұзақ мерзімді өңіраралық қатынастар құру;

**Күтілетін нәтиже**

аграрлық сектордың ұлттық бәсекелік артықшылығын арттыру және республиканың азық-түлік қауіпсіздігін сақтау;

баға белгілеу жүйесін реттеу, азық-түліктің экономикалық қол жетімдігін қамтамасыз ету;

табысы аз салаларды бюджеттік қолдаудың тиімділігін арттыру және олардың кең ауқымда өсірілуін қамтамасыз ету;

азық-түлік нарығындағы тұтыну сұранысы мен ұсынысты реттеу және теңгерімді дамыту үшін қорлар құру;

отандық өнімнің тауар сұранысының өсуін қамтамасыз ету, шикізаттың өнеркәсіптік қайта өңдеуді арттыру;

елдің жалпы тұтыну көлемінің 20 %-нан аспайтын деңгейде импортқа тәуелділік коэффициентін ұстап қалу;

азық-түлік астығының мемлекеттік резервін жаңарту және ішкі астық

нарығын реттеу үшін мемлекеттік ресурстарға жыл сайын отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден 500 мың тонна астықты сатып алу жолымен республиканың азық-түлік қауіпсіздігін және жұмылдыру қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

отандық ауыл шаруашылығы жыл сайын құрғақ сүт сатып алу жолымен республиканың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

нарықтың тепе-теңдігін реттеуге мүмкіндік беретін көлемде азық-түліктің сақтандыру резервін құру;

көпарналы өткізу жүйесін қалыптастыру, айналым шығынын қысқарту және оңтайлы тауар ағымдарын құру;

шикізатты өндіру, оны сақтау, қайта өңдеу және өткізу кезінде санитариялық және технологиялық нормаларды сақтау есебінен сапалы, бәсекеге қабілетті өнім өндірісін қамтамасыз ету.

## 5.2. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру

Шаруашылық жүргізудің жаңа нысанының қалыптасуы, олардың нарықтық жағдайға бейімделуі, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау өсімдік шаруашылығының тұрақтануына ықпал етті. Өндіріске қазіргі заманғы технологиялар және егіншіліктің озық әдістерін енгізу бойынша жүйелі жұмыстың арқасында елде соңғы 7 жыл ішінде ағымдағы бағамен көлемі 2,7 есеге ұлғайған өсімдік шаруашылығы өнімдері өндірісінің тұрақты өсуі жүруде.

2000 жылдан бастап бидайды жалпы жинаудың орта жылдық өсу қарқыны 9,3 %-ды, картопты - 5,3 %-ды, көкөністерді - 5,3 %-ды, шикі мақтаны - 6,7 %-ды, күнбағыс дақылдарын - 12,1 % құрайды.

Халықтың жан басына шаққандағы бидай өндірісі 1086 кг.-ға жетті, бұл 2007 жылы Қазақстанға осы көрсеткіш бойынша Австралиядан озып, әлемде бірінші орынға шығуына мүмкіндік берді. Бидай экспорты бойынша Қазақстан әлемде жетінші орынды алады.

2007 жылы республиканың астық танабының үштен бірін (5,2 млн. га) құраған алаңдарға ылғалқорсақтау технологиясын кең ауқымда қолдану, сұрыпталған тұқым себу үлесін (2001 жылы 53 %-дан 2007 жылы 99,7 %-ға дейін ), 1-2 класс тұқымдары үлесін - 78,9 %-ға дейін, ал жоғарғы репродукция тұқымын - 84 %-ға дейін арттыруы, және отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау көлемінің өсуі арқасында астық өндірісін ұлғайтуға қол жетті.

Көкөніс бақшалық дақылдар алаңдары соңғы 5 жылда едәуір қарқынмен ( жылына 1,9 %) ұлғайды, бірақ 2006-2007 жылдары көкөніс дақылдарының алаңын кеңейту қарқыны баяулады және олардың төмендеуі 8%-ға байқалды, бұл тұтынудан өндірілетін ресурстар көлемінің арттыруын ескергенде толық заңды.

2001-2006 жж. көкөніс өнімдеріне тұтынушылық сұраныстың орташа 14-15 % -ға өсуі байқалады. Бұл ретте негізінен тұтыну үлесі 81 %-ға жететін көп таралған өнімдер (томат, қияр, капуста, пияз, тамыр жемістері, көктер) қолданылады. Бағаның тым жоғарылығынан көкөніс дақылдарының басқа түрлерін тұтыну төмен.

Көкөніс нарығы сыйымдылығында жиынтығы 80 % шамасында орын алатын, көкөністер ұсынысы негізін бірнеше дақылдар құрайды - капуста (көкөністердің жалпы жиналуының 15,6 %), томат (12,6 %), пияз-шалқан (15,9 %), сәбіз (11,5 %) . Жылуға бейімделген дақылдарды (асқабақтар, баялдылар, бұрыш және т.б.) өндіру үлесі төмен - 6-7 %-ы, сұраныспен пайдаланылатын жасыл бұршақ ( көкөністердің жалпы жинауының 0,04 %-ы) өндірілмейді

Көкөніс экспорты импорттан басым, оның өндірістегі үлесі 6 %-ды құрайды. Бұл ретте экспорт тарапындағыдай импортта да сыртқы тауар айналымын кеңейту үрдісі байқалады. Экспорт негізін томаттар (шығарылатын жаңа піскен көкөністердің 21 %-ы) және пияз (56 %) құрайды. Көкөністердің экспорттық бағасы айтарлықтай ауытқиды және негізінен сатып алушыларға байланысты.

Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы және бөлшек сауда бағаларында (3,6 есе) едәуір үйлеспеушілік бар. Ішкі бөлшек сауда нарығындағы бағалар экспорт бағасынан жоғары, бұл өткізу жүйесі мен көкөніс нарығын өтімі мен реттеудің жүйесі жоқтығын білдіреді.

Көкөністің негізгі түрлеріне (пияз, капуста, сәбіз) бағаның жыл сайынғы өсуі кенет білінетін маусымдылыққа ие. Мысалы, 2006 жылы республика бойынша капустаға орта бағаның айырмашылық құлашы 2,4 есені (мамырда 1 кг. 76 теңге және қазанда 32 теңге), ал сәбіз - 1,7 есені (шілдеде 1 кг. 74 теңге және қаңтарда 43 теңге), пияз - 1,4 есені (қазанда 1 кг 34 теңге және мамырда 47 теңге) құрады.

Бөлшек саудада ұсақ сауда нүктелерінің басымдылығы салдарынан көтерме саудаға да қатысты бағаның кенет өсуі байқалды. Мысалы, қала базарларында қызанақтың бағасы бастапқыдан 2 есеге, капустаның - 3, сәбіздің - 2-2,6, пияздың - 1,5-2 есеге артты. Бөлшек сауда жүйесінде бәсекелестік жоқ, жоғарғы тауар айналымды ірі мамандандырылған дүкендер жоқ. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде мұндай қызметті жоғарғы сапалы өнімді ұсақ бөлшек саудадан төмен бағамен өткізетін супермаркеттер орындайды.

Нарықтағы мұндай жағдай мынадай себептермен: ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жемістер мен көкөністер өндірісінің шоғырлануының төмендігімен; өтім жүйесінің жетілмегендігімен; толық дамымаған өндірістік және нарықтық инфрақұрылыммен; көкөністер мен жемістер сатудағы делдалдардың шамадан тыс қатысуымен түсіндіріледі.

Қолда бар өткізу жүйесі тауардың ұсынысын ұлғайтуды, олардың сапасын арттыруды және көкөніс пен жеміс өндірушілер табысын өсіруді

ынталандырмайды. Пайданың негізгі үлесі көтерме делдалдарда және бөлшек саудада қалады. Картоп, көкөністер, жемістер мен жидектер көбінесе қайта өңделмеген түрінде тұтынылады.

**М ә с е л е л е р**

ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің экстенсивті технологиялары;

отандық селекция мен тұқым шаруашылығының жеткіліксіз дамуы, бұл қазақстандық селекциялардың жоғары сапалы сұрыптары мен гибридтерінің болмауына әкеледі;

сорт сынау процесінің жеткіліксіз техникалық жарақтандырылуы және қаржыландырудың жеткіліксіздігі;

картоп және көкөністер мен жеміс-жидек дақылдары өндірісі негізінен тұрғындардың үй шаруашылықтарында шоғырланған, бұл өнімнің өндіріс және тауарлылық тиімділігін төмендетеді;

суармалы жерлерді пайдалану тиімділігінің төмендігі;

өсімдік майын өндіру үшін шикізат қажеттілігі отандық майлы дақылдар өсіру есебінен қамтамасыз етілмейді;

ғылыми-негізделген агротехнология сақталмайды, агротехникалық жұмыстардың оңтайлы мерзімдері ұсталмайды, бұл ауыл шаруашылығы дақылдарының темен өнімділігін көрсетеді;

астықты дайындау мен сақтаудың материалды-техникалық базасының жағдайы нашарлады, астықты дайындау бойынша технологиялық құрал-жабдықтары моралдық және табиғи ескірген;

астық өндірісін кеңейту үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерде қаражат айналымының шектеулілігі және кредит ресурстарына қол жеткізудің төмендігі;

көкөністер, жемістер және картоптар үшін қазіргі заманғы техникамен жарақтандырылған қоймалардың жоқтығы, оларды дайындау мен қайта өңдеу жөнге салынбаған;

жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпе алаңдарының қысқаруы.

**Ш а р а л а р**

ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің интенсивті ылғалқорсақтау және топырақ қорғау технологияларын игеру;

сорт сынау жүйесін және тұқым сапасын сараптауды жүзеге асыру;

тұқым сапасын сараптау бойынша зертханалар салу және жарақтау;

картоп, көкөністер, жемістерді өндіру, дайындау және қайта өңдеу бойынша дайындау-өткізу кооперативтерін құру;

Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі - АШМ) "Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия"

мемлекеттік мекемесін (бұдан әрі - ММ) Астана қаласына көшіру;
жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерінің алаңдарын кеңейту:
жылыжай шаруашылықтарының желісін құру және дамыту.

**Күтілетін нәтижелер**

өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түсімділігін, жалпы жиналуын және сапасын арттыру;
өсімдік шаруашылығы өнімдері өндірісінің жыл сайын 6%-ға өсуі;
ылғалқорсақтау технологиясы арқылы өсірілетін алаңдардың 2011 жылы 60% - ға артуы;
елдің маңызды тамақ өнімдеріне ішкі қажеттілігін қамтамасыз ету;
2011 жылға өндірістің агротехникалық циклін 22 млн. гектарға, оның ішінде басым дақылдарды 21,6 млн. гектарға қамтамасыз ету;
қайта өңдеу, оның ішінде тереңнен қайта өңдеу көлемінің бәсекеге қабілеттілігінің өсуі, өсімдік шаруашылығы өнімдерінің және оның қайта өңдеу өнімдерінің экспорты көлемінің ұлғаюы және импорт көлемінің қысқаруы;
отандық қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту және қайта өңдеу кәсіпорындарының жүктелінім деңгейін арттыру үшін тұрақты шикізат негізін құру;
өнеркәсіптік мал шаруашылығы және құс шаруашылығын дамыту үшін жемдік базаның тұрақты негізін құру;
егіске сұрыпталған тұқым үлесін 90%-ға дейін ұлғайту;
отандық селекция және тұқым шаруашылығын (2011 жылы 7,5-10,5 мың тонна бірегей тұқым, 67,0-77,0 мың тонна элиталық тұқым өткізуді қамтамасыз ету) дамыту;
Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген отандық селекцияның ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының сапасы бойынша өнімді және құнды селекциялық жетістіктердің Мемлекеттік реестрдегі үлестерін арттыру;
көкөніс, жеміс және картоп үшін қазіргі заманғы, техникалық жарақталған қоймалардың болуы;
халықты жеке өндіріс жемістері және көкөністерімен қамтамасыз ету;
республикада өндірілетін мақта талшықтарының сапасын объективті сараптауды қамтамасыз ету.

Ескерту. 5.2-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.07.13. N 1060 Қаулысымен.

### 5.2.1. Астықты өндіру және қайта өңдеуді дамыту

Астық өндірісінің өсуі оның іске асыру көлемінің ұлғаюына және саланың табыстылығының артуына ықпал етті. Бірақ әлемдік нарықтағы астықтың

тапшылығы бағаның шамадан тыс өсуін тудырды, бұл өнім иелерінің экспорттық көңіл күйінің күшеюіне әкелді.

Өңірлерде астық тапшылығының туындауына жол бермеу және ұнға және нан-тоқаш өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мақсатында, қазіргі уақытта Республикалық маңызды қалалар мен барлық облыстарда қалыптастырылған тұрақтандыру қорлары ұйымдастырылуда.

**Мәселелер**

егіс құрылымының және дәнді дақылдар өндірісінің жетілмегендігі;

астық өндірісінің жеткіліксіз техникалық және технологиялық жарақтандырылуы;

сыртқы сауданың тұрақсыздығы және астық экспортын мемлекеттік реттеу тетігінің дамымауы;

жарма дақылдары астығын қайта өңдеу және дайын жем жасаудың жеткіліксіз дамуы;

астық жинаудан кейінгі өңдеу жұмыстары жүйесінің және астықты сақтаудың нашарлауы;

ғылыми-негізделген агротехнологияларды, агротехникалық жұмыстарының оңтайлы мерзімдерін және вегетацияның әр түрлі мерзімінде қатынасының сақталмауы;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінде көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қолжетімді кредиттік ресурстардың жетіспеуі;

астықтың ішкі және сыртқы (экспорттық) бағасының теңсіздігі;

ұн тарту зауыттары үшін шикізаттың жоғары құны нан-тоқаш өнімдерінің қымбаттауына әкеледі, бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігіне қатер тудырады.

**Шаралар**

мемлекеттік астық ресурстарын тиімді басқару;

мемлекеттік ресурстарға астық сатып алуды қамтамасыз ету;

ішкі астық нарығындағы бағалық интервенция;

бәсекеге қабілетті өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру мақсатында отандық ауыл шаруашылығы өндірісін қолдау.

**Күтілетін нәтижелер**

дәнді дақылдар өндірісінің орнықты өсуі;

азық-түліктік және жемдік астық нарығының тұрақтылығы;

мемлекеттік астық ресурстары есебінен нарықты және бағаны реттеу мүмкіндігі.

### 5.2.2. Қант қызылшасы өндірісін қолдау

Республикадағы қызылша тұқымын себу тұрақсыз жағдайда, егістік алаңдар мен өнімділіктің қысқаруы байқалады. Қызылша шаруашылығын қалпына

келтіру және ары қарай дамыту, қант және қант өнеркәсібі өндірісі үшін отандық бәсекеге қабілетті шикізат қорын құру мақсатында қант қызылшасын өсіруді ынталандыру бойынша шаралар қолданылуда. Республикалық бюджет қаражаты есебінен 2008 жылы қант қызылшасы өндірісінің 1 гектарына 10 мың теңгеден 50 мың теңгеге дейін немесе 5 есеге субсидиялау ұлғайуы.

**Мәселелер**

егістік алаңының азаюы, қант қызылшасы түсімінің және қанттылығының төмендiлiгi;

қол жұмыстарын ауыстыратын индустриялық технологиялардың жоқтығынан көп еңбек сіңіруді керек етуі;

тұқым шаруашылығы базасының жоқтығы;

шикізаттың жоғарғы өзіндік құнына қатысты отандық қанттың бәсекеге қабілеттілігінің жеткіліксіздігі;

қант өнеркәсіптерінің өндіріс қуаттылығының толық пайдаланылмауы;

жоғарғы репродукциялы қант қызылшасы тұқымы өндірісінің шектеулігі;

басқа елдерден келетін арзан қант шикізатына қатысты импорттың өсуі;

**Шаралар**

қант зауыттары және ауыл шаруашылығы құрылымдары жанынан агроқызмет орталығы мен машина-технологиялық станцияларын құру;

бар қант зауыттарынның тоқтап қалғанын іске қосу, қайта құру және жаңғырту;

қолданыстағы ұсақ шаруа (фермер) қожалықтарын біріктіру негізінде ірі қант қызылшасы егілетін ауыспалы егістік алаңдарын қалыптастыру;

қант қызылшасы тұқымын, оның ішінде ауыстырмай отырғызу негізінде өндіру бойынша тұқым шаруашылықтарын ұйымдастыру.

**Күтілетін нәтижелер**

қант қызылшасының егістік алаңын 2 еседен көп ұлғайту және оны орташа өнімділігі 1 гектардан 33-35 тонна болатын 30 мың гектарға жеткізу, бұл 110-112 мың тонна қызылша қантын өндіруге және республика халқының шамамен 20%-ға қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

ауыл шаруашылығында және онымен шектес өндіріс пен қызмет көрсету салаларында 8-15 мың жұмыс орнын құру.

### 5.2.3. Өсімдік майы дақылдарын және отандық шикізаттан алынатын өсімдік майын өндіруді қолдау

2007 жылы күнбағыс егісінің күрт (25%-ға) азаюы есебінен майлы дақылдардың егістік алаңдарының азаюы байқалды. Басқа жағынан егістік құрылымында рапс және соя секілді бағалы түрлерінің артуы байқалады.

Оның үстіне, май кәсіпорындары жіктемесін арттыру және халықты өсімдік

майымен қамтамасыз ету үшін республика 110 мың тонна майлы импорттайды, олардың 62 %-ын күнбағыс тұқымы алады.

Сондықтан, майлы дақылдар тұқымын өндіру бойынша іс шараларды жүзеге асырудың мақсаты халықтың өсімдік майына қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында күнбағыс, соя, рапс және басқа дақылдар тұқымы өндірісін ұлғайту болып табылады.

Өсімдік майының нарығы оның маңызды сәйкессіздігін көрсететін бірқатар үйлеспеушіліктермен сипатталады.

2001-2007 жылдар кезеңінде өсімдік майына тұтынушылар сұранысы 2001 жылы 13,8 кг-нан 2005 жылы 9,7 кг және 2006 жылы 13 кг-ға дейін едәуір өзгерді , яғни жалпы кейбір тұтыныстың азаю үрдісі бақыланады.

Отандық өндіріс зерттелу кезеңінде жоғары қарқынмен өсуде өсу (жылына 21,8 %). Импорттың төмендеу үрдісі бақыланады (жылына - 4,5%). Алайда, импорттың бұл үлесіне қарамастан өсімдік майының тұтыну импорты әлі жоғары (2006 жылы 26%). Негізгі экспортер елдер: Ресей (57,9%), Украина (23,9%), Өзбекстан (12,4%), сонымен қатар алыс шет елдері (30,9%) болып табылады.

Республикада өндірілетін күнбағыс майының құндық бәсекеге қабілеттілігі ТМД-дағы негізгі экспортер елдерден темен емес. 2006 жылы отандық тауардың бәсекеге қабілеттілік индексі ресейлікке қатынасы бойынша 1,00, ал украиналыққа 1,09 құрады. Алайда, ішкі нарық әліде отандық тауарлармен қамтамасыз етілмеген, оның импортқа тәуелділігі сақталады.

**Мәселелер**

жоғары рентабельді май тұқымы дақылдары жеткіліксіз өндіріледі;

себілетін тұқым сапасының төмендігі;

минералдық тыңайтқыштардың, сондай-ақ майлы дақылдардың ауруларымен және зиянкестерімен күрес үшін химикаттардың жеткіліксіз қолданылуы;

майлы дақылдарды өсірудің тозған және моральды ескірген техникасы.

**Шаралар**

майлы дақылдар егістік алаңын ұлғайту;

майлы дақылдарды өсірудің тиімді технологияларын қолдану;

өсімдіктерді химиялық қорғау құралдарын (тұқымдар, гербицидтер, инсектицидтерді уландырғыштар) және минералдық тыңайтқыштарды сатып алуға субсидиялау;

майлы дақылдардың тұқым шаруашылығын дамытудың шараларын кеңейту және мемлекеттік қолдау көлемін ұлғайту.

**Күтілетін нәтижелер**

түсімділікті арттыру және егістік алаңын кеңейту есебінен майлы дақылдар

тұқымы өндірісін ұлғайту;

отандық шикізаттан өндірілетін өсімдік майын ішкі нарық тұтынысының кемінде 80 % көлемінде кеңейту.

### 5.2.4. Жеміс және жүзім шаруашылығын дамыту

Өсімдік шаруашылығы салаларының тұрақты дамуы аясында тек жеміс шаруашылығы мен жүзім шаруашылығында ғана теріс нәтижелері бар. Жеміс-жидек және жүзім өндірісінің қысқаруы жалғасуда.

2007 жылы 2000 жылмен салыстырғанда жеміс және жидек өндірістері 20 %-ға, ал жүзім 30 %-ға қысқарды. Республикада отандық өндірісіне қатысты жеміс-көкөніс өніміне тұтынушылар сұранысының өсуі байқалады. 2000-2006 жылдар аралығында сұраныс 8,7 % болғанда, өндірістің орташа жылдық өсу қарқыны 4,35 %-ды құрады. 2007 жылы өндіріс өсімі 3,4 %-ға баяулады. Пайда болған текшені импорт толтырады. Оның көлемі қарқынды өсуде (жылына 25,7% ).

Тұтыныстағы импорт үлесі 34,2 % - өте жоғары мөлшерге өсуде. Онда маңызды үлесті консервіленген жеміс және жидектер алады (жаңа піскендермен есептегенде 55,4 %). Жаңа піскен жеміс пен жидек түр-түрінде ел аумағында өсірілмейтін тауарлардың (цитрусты, банандар, финикилер, жаңғақтар) басымдылығы байқалады. Олардың үлесі 33 %-ға жетеді.

Пістелі және сүйекті жемісті әкелу 7,9 мың тоннаға импорт көлемінің немесе 7,6 %-на жетеді. Бұл ретте, алма жеткізу басым (7,4 мың тонна немесе 93,7 %). Мұндай тауар импорттың орын басуға жатады, себебі республикада бақтар және өсіруге қолайлы табиғи-климаттық жағдай бар.

Алайда, елдегі алманың отандық өндірісі тұрақсыздықпен және төмен қарқынмен өсуімен сипатталады (жылына 0,75 %). Ішкі нарықта жемістерге бағаны ұлғайту және импортты қысқарту кезінде ұлттық нарықта тауарға тұтыну сұранысының төмендеуі және сыртқы нарықта өсуі байқалады. Төртжылдық кезеңде импорттың төмендеу қарқыны - жылына 6,05 %-ды, ал экспорттың өсуі - 12,1 %-ды құрады. Жеміс нарығының жеткіліксіз толығуы бағаның жоғары өсуін көрсетті (жылына 4,3 %).

Жалпы қалыптасқан жағдай бағаның өсу салдарында қазақстандық тұтынушыға теріс әсер етті.

Бұл ретте, сұраныс және ұсыныс заңына сәйкес әкелінетін тауар, сондай-ақ қолданыстағы өткізу жүйесі жетілмегендігін ескере отырып, ірі кәсіпорын орталықтарында және қалаларында бөлшек сауда бағасы бойынша өткізіледі. Пайда көтерме делдалдарда және саудада төмендейді.

Көтерме нарықтың дамымаған желісі, сондай-ақ алма өндіру орындарда сақтау қоймаларының болмауы, ел өңірлері бойынша тауар ағымдарының

қарқындылығына және отандық ұсынысқа теріс әсер етеді. Республика өңірлері бойынша отандық алманың бәсекеге қабілеттілігін бағалағанда, тауар аймағын дамытуда және олардың экспорттық әлеуетінде оң үрдіс байқалады.

**Мәселелер**

өндірістің негізгі салмағы халықтың жеке шаруашылықтарында шоғырлануы;

жеміс екпелерінің қартаюы, жеміс-жидек дақылдары өнімділігінің тұрақсыздығы;

питомниктік шаруашылықтардың жеткіліксіз дамуы;

жеміс-жидек дақылдары көшеттерін өндірушілер санының шектеулілігі;

сатып алу-өткізу пункттері жүйесінің жоқтығы және көтерме сауда базарына қол жетімсіздігі, бұл өнімді өткізуді қиындатады, оның ысырап болуын ұлғайтады;

отырғызылатын материалдың төмен сапасын түсіндіретін жүзім және басқа да жеміс-жидек дақылдарының вирусты ауруларын бақылаудың және мониторингінің жетіспеушілігі;

сақтау және қайта өңдеудің дамымаған жүйесі, шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі.

**Шаралар**

жеміс-жидек және жүзім көшеттерін өндірушілердің желісін кеңейту;

жемістердің ұнамды дәмі бар және ұзақ мерзімде сақталатын жеміс-жидек дақылдарының қысқа шыдамды, өнімді, ауруға төзімді көшеттерін жедел көбейту;

жүзім және басқа да жеміс-жидек дақылдарының вирусты ауруларын ерте болжау жүйелерін әзірлеу және ұлпа түзуші талшықтардан материалдардан жасалған вируссыз отырғызу материалын алу;

жеміс дақылдары және жүзімнің көпжылдық екпелері алаңдарын отырғызуды субсидиялау.

**Күтілетін нәтижелер**

Жеміс дақылдары алаңын 42,1 мың гектарға дейін, жүзім алаңын 13,4 мың гектарға дейін ұлғайту есебінен жеміс шаруашылығы және жүзім шаруашылығы өнімі өндірісінің өсуі;

бақтар мен жүзім егісін жасауға және қайта құруға жеткілікті питомниктер жүйесінің дамуы;

жеміс шаруашылығы және жүзім шаруашылығы өнімдерін өткізудің жеке нарығын қалыптастыру және әлемдік нарыққа шығу;

жеміс және жидектермен өзін-өзі қамтамасыз етудің өсуі, импортқа тәуелділік деңгейдің қысқартылуы;

жүзім және басқа да жеміс-жидек дақылдарының вирусты ауруларының ерте

болжауға арналған тест-жүйесі және ұлпа түзуші талшықтардан вирусты отырғызу материалын алу;

халықты жаңа піскен өніммен және қайта өңдеу өнеркәсіптерін шикізатпен қамтамасыз етуде отандық өнімнің орташа жылдық өндірісін ұлғайту және үлесін өсіру.

## 5.3. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру

2000 жылдан бастап ауылшаруашылығы малдарының және мал шаруашылығы өнімінің саны орнықты өсуде. Алайда, өндіріс көлемінің өсуі негізінде малдардың өнімділігімен емес мал басының ұлғайтылуымен түсіндіріледі, бұл малдың төмен өнімділігің басымдығымен байланысты.

Мал шаруашылығы мал басының негізінде жеке меншік аулаларда жайғастырылуымен, сондай-ақ малдан алынатын өнімдердің ұсақ тауарлылығымен және маусымдық өндірісімен сипатталады. 78,5 % мал басы (ірі қара мал басына шағу есебімен) халық шаруашылығында, 8,7 % малдар ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында және 12,8 % шаруа (фермер) қожалықтырында (бұдан әрі - ШҚ) орналастырылған. Шаруашылық санаты бойынша мал басының орналасу қатынасы ұзақ уақыт ағымында өзгермей отыр. Осы жағдай селекциялық жетістіктер малдарды күтіп бағу мен азықтандырудың озық технологиялар жетістіктерін қолдануды едәуір қиындатады.

Тиісті орын алған мал басының орналастыру мал шаруашылығы өнімінің негізгі түрлерінде қалыптасады.

| | Ауыл шаруашылығы кәсіпорны, % | Ш(Ф)Қ, % | Халық шаруашылықтары, % |
|---|---|---|---|
| Ет | 9,7 | 8,1 | 82,2 |
| Сүт | 3,5 | 6,1 | 90,4 |
| Жүн | 5,6 | 22,1 | 72,3 |
| Жұмыртқа | 50,4 | 0,6 | 49,0 |

Бұрынғысынша көпшілік шаруашылықтар өндірісті экстенсивті әдіспен жүзеге асырады. Ұсақ тауарлы шаруашылықтардың көбісі кредит беру кезінде жоғары пайыздық көрсеткіштің және кепілге беру меншігімен қамтамасыз етілмеуінен кредитке қол жеткізе алмайды. Олардың өздерінде бар тозығы жеткен, өз ресурсын жасап біткен техникаларын өздігінен білікті жөндеуге жағдайы жоқ, өндірген өнімдерін табысты өткізу үшін нарықтан аластатылған.

Мал және құс басын орналастыруға республика өңірлерінің табиғи-климаттық жағдайы әрдайым сәйкес келе бермейді, ал негізгі мал салмағын халық шаруашылықтарында шоғырландыру мал шаруашылығының ары қарай дамуын артқа тартуда және олардың мал түрлері жағдайына жауап беретін өңірлердің арнайы ерекшелігін қолдануға мүмкіндік бермейді.

Мал шаруашылығы өнімі өндірісінің жеткен деңгейі Қазақстан және оның

өңірлерінде бар мүмкіндіктері мен әлеуетіне сәйкес келмейді.

Өзіндік құны мен түр-түрі бойынша бәсекеге қабілетсіздігінен ет, негізінен құс еті импорты көлемінің ұлғаю үрдісі байқалады. Құс еті импорты оның өндіріс көлемінен 2,4 есеге асады, онда қолда бар құс фабрикаларының қуаты жылына 100 мың тоннадан астам құс етін өндіруге қалай мүмкіндік алады.

**Мәселелер**

Ауыл шаруашылығы малдарының барлық мал басының шамамен 80 %-ы шамасы жеке меншік аулаларда, және соның нәтижесінде ветеринариялық қауіпсіздік талаптарына жауап бермейтін мал шаруашылығы шикізатының сапасы темен;

асыл-тұқымды мал басының үлес салмағының төмендігі;

селекциялық-асыл тұқымды жұмыстардың төмен деңгейі;

арнайы орташа және ірі тауарлы өндірісі бар мамандандырылған шаруашылықтардың дамуының жеткіліксіздігі;

малдарды күтіп бағудың ескірген технологиялары, жем-шөп базасының нашарлығы, малды жайып семірту және жемдеудің мүмкіншіліктерін толық пайдаланбау, толық рационды құрама жемдердің жетіспеушілігі және соның салдарынан мал және құс өнімділігінің төменділігі;

етті және жұмыртқа бағыттарындағы отандық бәсекеге қабілетті құс кростарының жоқтығы;

қойларды механикалық қырқу, дайындау және жем-шөппен қамтамасыз ету бойынша сервис орталықтарының жоқтығы;

саланың нашар ғылыми қамтамасыз етіледі.

**Шаралар**

орташа және ірі тауарлы мал шаруашылығын қалыптастыру процестерін ынталандыру, оны өнеркәсіптік негізге көшіру;

жеке мал шаруашылығы өнімі өндірісін шоғырландыруға шаруашылықтардың, оларды кооперативтерге біріктіру жолымен көмек көрсету;

жасанды ұрықтандыруды қолдану және биотехнология мен эмбриондарды трансплантациялау әдістерін кеңінен енгізу жолымен асыл-тұқымды малдардың үлес салмағын ұлғайту;

жергілікті малдың асыл-тұқымдық және өнімділік сапасын, оның ішінде шетелдік теңдік қорды пайдалана отырып жақсарту бойынша мақсатқа бағытталған селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу, сондай-ақ импорттық селекциялар тұқымдарын әкелу және бейімдеу;

жоғары класты асыл-тұқымды малдарды сатып алуды, ұстауды және өз төлінен өсіруді кеңейту үшін мал басын толықтыратын төлдерді субсидиялау.

**Күтілген нәтижелер**

мал мен құс санын, сондай-ақ малдан алынатын өнімді өндіру көлемін

кемінде 4,5 %-ға ұлғайту;
сатылатын малдың сапасын көтеру;
ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің үшін асыл тұқымды өнімдерге қол жетімділігін қамтамасыз ету және жыл сайын асыл тұқымды шаруашылықтардың санын, асыл тұқымды малдардың санын ұлғайту және олардың үлес салмағын 2011 жылы 10 %-ға дейін жеткізу;
ауыл шаруашылығы малдары мен құстарының өнімділігін, сондай-ақ мал шаруашылығында өндірілетін өнімнің сапасын арттыру;
мал шаруашылығы саласының техникалық және технологиялық жарақтандырылуын жақсарту;
табынның өз төлінен өсуін жақсарту;
